

**"Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 маусымдағы N 698 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімді бекіту туралы**

2003 жылғы 22 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Ш т а т т а р ы ,

Геноцид, адамзатқа қарсы қылмыс және әскери қылмыс жасағандарды сотқа тартудың маңыздылығын қуаттай отырып,

Америка Құрама Штаттарының өз ресми адамдары, қызметкерлері, әскери персоналы немесе басқа азаматтары жасады деп саналған, Халықаралық Қылмыстық Соттың заң құзыретіне жататын іс-әрекеттерді қылмыстық жағдайда орынды деген жерде, тергеуге және қудалауға ниет білдіргенін назарға ала отырып,

Төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Осы Келісім мақсатында Тараптардың кез келгенінің "адамдар" анықтамасында осы Тараптың барлық азаматтары және қазіргі немесе бұрынғы әскери персоналы ұ р ы н ы л а д ы .

2. Бір Тараптың екінші Тараптың аумағында жүрген адамдары бірінші Тараптың ж а з б а ш а к е л і с і м і н с і з :

а) кез келген бір мақсат үшін Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне тапсырылмайды немесе кез келген бір жолмен берілмейді, немесе

б) Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне тапсыру немесе беру мақсатында кез келген басқа ұйымның немесе үшінші бір елдің билігіне тапсырылмайды немесе кез келген үшінші бір елге шығарылып жіберілмейді.

3. Қазақстан Республикасы Америка Құрама Штаттарының адамын кез келген үшінші елге ұстап берген, оның билігіне тапсырған немесе басқа жолмен берген жағдайда, Қазақстан Республикасы бұл адамды Америка Құрама Штаттарының жазбаша келісімінсіз үшінші елдің Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне тапсыруына немесе беруіне келісім бермейді.

4. Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасының адамын кез келген үшінші елге ұстап берген, оның билігіне тапсырған немесе басқа жолмен берген жағдайда Америка Құрама Штаттары бұл адамды үшінші елдің Қазақстанның жазбаша келісімінсіз Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне тапсыруына немесе беруіне к е л і с і м б е р м е й д і .

5. Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л у і м ү м к і н .

6. Осы Келісімнің ережелерін қолдану немесе түсіндіру кезіндегі кез келген даулар мен пікір алшақтықтары Тараптар арасындағы консультациялар арқылы шешіледі, әрі оларды реттеуде Тараптар қандай да бір үшінші Тарапқа немесе халықаралық сотқа с і л т е м е ж а с а м а й д ы .

7. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламамен алмасқан сәттен бастап күшіне е н е д і .

8. Кез келген Тараптың тиісті жазбаша хабарлама жолдауы арқылы осы Келісімнің күші жойылуы мүмкін. Мұндай жағдайда, осы Келісім жазбаша хабарлама жіберілген сәттен бастап бір жылдан соң өз қолданысын тоқтатады. Осы Келісімнің ережелері оның қолданысы іс жүзінде тоқтатылған күнге дейін туындаған кез келген іс-қимылға немесе кез келген болжамдарға қатысты күшінде қала береді.

9. Нью-Йорк қаласында 2003 жылғы 22 қыркүйекте екі дана болып, әрқайсысы ағылшын және орыс тілдерінде жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей. Ағылшын тіліндегі мәтінге сәйкестігі дипломатиялық ноталармен алмасу арқылы расталып, заңдық күші теңдей дәрежеде танылатын қазақ тіліндегі мәтін дайындалатын болады.

*Қазақстан*  
*Республикасы үшін*

*Штаттары үшін*

*Америка Құрама*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ